

**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-НЫҢ САПА, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ,
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ
САЯСАТЫ**

**«БІЗ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ, БИЗНЕС-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЭЛИТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ
БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ»**

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (бұдан әрі-Университет) Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының бірі бола тұра, заманауи материалдық базасы, ақпараттық-әдістемелік ресурстары, жоғары білікті кадрлары бар, сондай-ақ, білім беру қызметтерінің кешенін ұсына отырып, көшбасшы болуға және білім беру қызметтерінің әлемдік нарығына шығуға ұмтылады.

Университеттің қызметі техникалық, экономикалық мамандықтар бойынша жоғары білікті мамандарды, бакалаврларды, магистранттар мен докторанттарды (PhD) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және жоғары білім беру саласындағы интеграцияға бағытталған Болон конвенциясы мен тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыратын университеттің бірлескен білім беру бағдарламалары бар мемлекеттердің стандарттарына сәйкес даярлауға бағытталған.

Білім мен ғылымның әлемдік тәжірибесін интеграциялау базасында стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Университет жүйелі және үдерістік тәсілдердің басымдығын сезіне отырып, өз күш-жігерін ISO 9001:2015; ISO 14001:2015; OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарына сәйкес келетін интеграцияланған менеджмент жүйесін әзірлеуге, енгізуге, оның жұмыс істеуіне және нәтижелілігін тұрақты арттыруға бағыттайды.

Тұтынушылардың қанағаттанушылығын үздіксіз арттыру және тұрақты даму мақсатында қазіргі заманғы озық технологияларды қолдану негізінде тұрақты даму университеттің басым стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Университет басшылығы оқытушылардың кәсіби өсуіне, материалдық-техникалық базаны дамытуға қажетті жағдайлар жасайды, сенімді және апробацияланған әдістерді қолдана отырып, нақты деректерді жүйелі әрі жан-жақты талдау негізінде шешім қабылдайды.

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ басшылығы білім беру қызметтеріне қатысты ISO 9001:2015; ISO 14001:2015; OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес менеджменттің интеграцияланған жүйесінің нәтижелілігін тұрақты түрде арттыру міндеттемесін өзіне алады.

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-да Университетте денсаулық сақтау және қауіпсіздік бойынша тиімді профилактикалық шаралар кешені әзірленді. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкес іске асырылады.

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясатын іске асыру келесі қағидаттарға негізделеді:

- өндірістік процестерді экологиялық қауіпсіз деңгейде жүзеге асыру;
- қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, өндірістік жарақаттардың алдын алу және қызметкерлердің денсаулығын нығайту;
- жұмыскерлерді олардың корпоративтік мәдениеті мен кәсіби даярлығын арттыру үшін қажетті дағдыларға үйрету;
- университеттің барлық қызметкерлерін қойылған міндеттерді шешуге тарту, академиялық сапаны жақсарту арқылы өз қызметін жақсарту;
- компанияны процестік басқарудың заманауи әдістерін, жаңа технологияларды қолдану және барлық процестерге білікті персоналдың белсенді қатысуы;
- білім беру қызметтерін көрсету бойынша шарттық міндеттемелерді сапалы орындау және өзара экономикалық мүдделерді ескере отырып, тұтынушылардың заңды талаптарын қанағаттандыру;
- жоғары, орта және арнаулы орта білім беру мекемелерімен және шетелдік жоғары оқу орындарымен өзара тиімді ынтымақтастық;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын мүлтіксіз орындау. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне және халықаралық стандарттардың талаптарына толық сәйкес жұмыстарды жоспарлау және жүзеге асыру;

- «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ сапа менеджменті жүйесін дамытуға бағытталған қаржылық көрсеткіштерді жақсарту және іс-шараларды өткізу.

Университет басшылығы айтылған қағидаларды ұстанып, қызметкерлердің сапа, қоршаған ортаны қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі барлық бастамаларына қолдау көрсететін болады.